

**МАНАШ ҚОЗЫБАЕВТЫҢ ҚОСТАНАЙ МЕМЛЕКЕТТІК  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ****Байдалы Р.Ж.**

Болашақ ғалым Манаш Қабашұлы «Создание самостоятельной марксистской партии – партии нового типа» [1] деген тақырыпта дипломын сәтті қорғап, университетті бітіргеннен кейін ұстаздары Қозыбаевқа Қостанайдағы мұғалімдер даярлайтын институтқа ассистент болуға жолдама береді. Манаш Қозыбаевтың ғылым жолына бет алуы сөйтіп туған жер топырағындағы білім ордасынан бастау алады.

Манаш Қозыбаевтың «Жұлдызым менің» деген ғұмырнамалық эссе-кітабында «Ең бастысы ғылыми жұмыспен айналыстым. Облыстық газеттерге көптеген мақала жаздым, өлкетану тақырыбын игеріп, Қостанай сахарасының тарихынан мамандандым. Алғашқы кітапшаларым да жарық көрді. Қостанай пединститутының ғылыми еңбектері жинағының негізін қаладым. Ғылыми жұмысқа деген ынтам артты, қаламгерлік болмысым қалыптасты. Менің есімімді республикалық ғылыми орындар да тани бастады» [2] деп жазады. Келе сала дәріс оқыған Манаш бір семестрден кейін аға оқытушы атанады. Бір жылдан кейін институттың партия ұйымына хатшы болады. Манаш Қабашұлы студенттерге білім бере жүріп, 1953-1958 жылдар аралығында облыстық және республикалық газеттерге қырық шақты мақалаларын жариялады. Осы ғылыми мақалалардың бір-екеуіне тоқталсақ.

Ұлы Октябрь Социалистік революциясының құрбаны, Омар Дошановтың бейнесі, өмірі, тағдыры жайлы «Азаттық жолындағы ерлік ұмытылмайды» [3] деген ізденісі тартымды жазылған. Облысымыздың тарихына байланысты «Прошлое нашей области» [4] деген келесі ғылыми мақаласы өте көлемді. Аталмыш мақала алты бөлікке бөлінген. Мұнда Қазақстанның Ресейге қосылуы, Қостанай қаласының пайда болуы, экономика-шаруашылығы, орыс шаруаларының қоныс аударуы, Ы. Алтынсарин, С. Көбеев туралы, мәдениет, білім-денсаулық және Айқаптың қызметі туралы қалам тартады.

1958 жылы Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты өз оқытушыларының еңбектері енген «Ученые записки» басылымының бірінші томын шығарады. Манаш Қозыбаевтың «Некоторые вопросы истории Октябрьской революции и гражданской войны в Кустанайской области» [5] деген еңбегінде Қазан революциясы және азамат соғысы ұлттық өлкелерде дұрыс зерттелмегендігі айтылады. Бұл жоғарыда айтылған еңбектің жалғасы іспетті. Мұнда авторлар Қостанайдағы көтерілістің маңызы өте жоғары болғандығын дәлелдеп шығады.

Манаш Қозыбаевтың институттағы ұстаздық қызметі, қоғамдық жұмыстарға белсене араласуы әрі қаламынан туындаған сансалалы мақалалары қоғамда қолдау тауып жатты. Қарап отырсақ жазған ғылыми мақалары көлемді, мазмұны терең, оқырман қауымға түсінікті. Институтта еңбек еткенде оқу орнының қоғамдық жұмысы шеңберінен асып, қалалық, облыстық деңгейдегі қоғамдық өмірге белсене араласады. Бұл сөзімізге мұрағаттан алынған Қостанай педагогикалық институтының директоры Л.А. Середкиннің Қозыбаевқа берген мінездемесіндегі мына сөздер айқын дәлел: «С 1954 года трижды избирается секретарем партийной организации института. Является также кандидатом Пленума Кустанайского горкома партии...» [7]. Ол тарихты зерделеп қана қоймай, тарихтың қоғамды алға жылжытушы фактор екендігін өзінің нақты ісімен көрсете білді. Мысалы ол туған жерінде институтта сабақ беріп жүрген кезінде азамат соғысында құрбан болған М.Г. Летунов, К.М. Иноземцев, Н.И. Миляевтардың және ісі қазаққа білім нұрын сепкендердің бірі Ы. Алтынсаринның ардақты аттары ел жадында сақталуы үшін қала көшелеріне, аудандарға есімдері берілу мәселесін көтеріп, бұл сұрақты тиісті орындарға жеткізе білді. Ғалым ойының іске асқандығы қазіргі таңда бізге мәлім. Бүгінгі таңда Ы. Алтынсарин атындағы аудан, батырдың есімімен аталатын көшелер бар екендігін айту да жеткілікті.

Бірақ Манаш Қозыбаевтың Қостанай институтындағы қызметі тың және тыңайған жерді игеруді желеу еткен отарлау саясатымен сәйкес келгендігін өкінішпен атап өткеніміз жөн. Екі миллионға жуық славян тілдес халықтардың қазақ жеріне, әсіресе Қазақстанның солтүстігі Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Торғай, Павлодарға көшіп келулері жағдайды ушықтырып жібергені рас. Оның алғашқы соққысы Қостанайға тиді. Орталықтан Болшунов, Рынков сияқты т.б. ғалым кандидаттарымен бірге қоғамда орыс шовинизмі етек жаяды. Жергілікті ұлт кадрларына қысым жасала бастайды. Бұл туралы ғалымның өзі былай деп жазған: «Бүкіл институтта үш-төрт қазақ едік, дауысымызды шығармауға тырыстық. Маған әлі келмеген қулар менің соңыма КГБ-ны салды, «ұлтшыл» деп айыптауға материал жинай бастады. Қостанай жерінен кетуіме осы себеп болды»[8].

«Қазақстан Республикасының Академиясының академигін, Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлық лауреатын, Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреатын, халықаралық президенттік және рухани келісімділігі сыйлығының иегерлігін, ғылымға сіңген қайраткерлігімді, тарих ғылымдарының докторы, профессорлық жолдарымды Қостанай педагогикалық институтында аға оқытушы болып істеген жылдарыма теңеймін» [9]-деп Манаш Қозыбаев тегіннен-тегін айтпаса керек. Ұлт тарихы үшін ерен еңбек атқарған Манаш Қозыбаевтың жұлдызды жолы Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтындағы қызмет жолынан демек бастау алған. Ал мұның өзі ізбасарлары үшін мақтан тұтар тарихи жайт.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Манаш Козыбаев. Великий учитель //Ленинская смена. 1953 г. 21 января.
- 2 Манаш Қозыбаев. Жұлдызым менің. – Алматы: Арыс. 2001. – 54 б.
- 3 Шайхин М., Қозыбаев М. Азаттық жолындағы ерлік ұмтылмайды //Коммунизм жолы. 1 қыркүйек. 1957 ж. 26.
- 4 Манаш Козыбаев. Прошлое нашей области //Ленинский путь. 27, 28, 29 января 1957 г.

5 Козыбаев М.К. Некоторые вопросы истории Октябрьской революции и гражданской войны в Кустанайской области //Кустанайский государственный педагогический институт. Ученые записки. Т. 1. Выпуск 1. – Кустанай, 1958. – 139 с.

6 Козыбаев М., Слуцки В.И. Значение Кустанайского восстания //Борьба за власть Советов в Кустанайских степях. – Кустанай, 1959. – 162 с.

7 Ведомственный архив КГУ им. А. Байтурсынова // Личное дело преподавателя ОмЛ товарища Козыбаева Манаша Кабашевича св.» АВ». л. 18.

8 Мұқатаеваның Л.К. Манаш Қозыбаевтан алған сұхбаты.

#### Резюме

*В данной статье описаны важные моменты в жизни великого ученого, начало жизненного пути, выбор направления молодого ученого, карьерный рост, отточение мастерства, изменение мировоззрения, стечение обстоятельств, этот период можно назвать «Манаш Козыбаев и Костанайский государственный педагогический институт», ставший, по-видимому, ключевым моментом в судьбе, изменившим последующую его жизнь.*

#### Conclusion

*In this article we can see all scientific `s life: from beginning to the end. It is one man life who spent it to his nation`s true history. In this story we must notice «Domino`s rules», it means a one action can change the everything. That`s why teaching in Kostanay state pedagogical institute is the factor, which had changed Manash Kozybaev`s future life. It`s not only author`s opinion, it`s historical fact.*